

ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, АГРОХИМИЯ, КОРМОПРОИЗВОДСТВО, АГРОЭКОЛОГИЯ, ЛЕСНОЕ ХОЗЯЙСТВО

ӘОЖ 502.4

АЛАКӨЛ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒАТ ҚОРЫҒЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ИНДИКАТОРЛЫҚ ЖАНУАРЛАР ТҮРЛЕРІНІҢ КӨП ЖЫЛДЫҚ ДИНАМИКАСЫ

LONG-TERM DYNAMICH OF SPECIES INDICATOR ALAKOL STATE NATURAL RESERVE

Акимжанов Д., Занзинов А.
D. Arimzhanov, A. Zanzinov

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті
Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы*

Бұл мақалада Алакөл мемлекеттік табиғат қорығы аумағындағы аша тұяқтылар, қоян тәрізділер және жыртқыштар отряды жануарларының индикаторлық түрлердің көп жылдық динамикасы берілген.

Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы Тентек өзенінің атырауының және Алакөл көліндегі аралдардың жануарларымен өсімдіктер әлемін сақтау мақсатында ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша 1998 жылдың 21-ші сәуірінде құрылды. Қорықтың жер аумағы 20742,9 га құрады. Қазіргі таңда ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 5-ші қазандағы шыққан №1025 қаулысы бойынша қорық аумағы 45505 га кеңейтіліп 66247,9 га құрады. Қорық Алакөл – Сасықкөл көлдер жүйесінде жатыр, Алматы облысының Алакөл ауданында және ШҚО Ұржар ауданымен шекаралас орналасқан. Алакөл қорығы аралдарындағы сирек кездесетін жануарларды сақтап қалу мақсатында ұйымдастырылған. Қорық жануарлар дүниесіне өте бай. Қорық құрылған жылдан бастап әр түрлі бағытта зерттеулер жүргізіле бастады. Көптеген жылдарғы зерттеу барысында (Шнитников, 1934; Кузнецов, 1948; Афанасьев, 1953; Бурделов, Левошина, 1959; Қазақстан сүтқоректілері, 1969-1985; Бурделов, 1993 және басқалар; Расин және басқалар 2003) Алакөл ойпатында сүтқоректілердің 54 түрі анықталған, оның 33 түрі қорық аумағында мекендейді. Қорық аумағындағы сүтқоректілер алты отрядқа жатады. Қазіргі таңда қорық ғылым қызметкерлерінің зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қорық аумағындағы жануарлардың 5 түрі индикаторлық түр болып анықталды және олар 4 отрядқа бөлінеді (1-ші кесте).

1-ші кесте

№	Түрі	Отряд	Орысша атауы	Латынша атауы
1	Қабан	Ашатұяқтылар	Кабан	Sus scrofa
2	Сібір елігі	Ашатұяқтылар	Сибирская косуля	Capreolus pygargus
3	Түлкі	Жыртқыштар	Лисица	Vulpes vulpes
4	Құм қояны	Қоян тәрізділер	Заяц Толай	Lepus tolai
5	Ондатра	Кеміргіштер	Ондатра	Ondatra zibethicus

Индикаторлық түрлерді анықтаудың негізгі көрсеткіштері:

1. Санының жеткілікті болуы;
2. Осы түрдің сыртқы орта әсерлеріне жауап беруі, яғни реакция барын белгілейді, (мысалы: жекелей санының өсуі мен төмендеуі);
3. Түрдің таралу шекаралары жақсы айқындалуы керек;
4. Бірегей әдістермен санаққа алу мүмкіншілігі болу керек;

5. Индикатор түр ретінде оңай анықталу керек.

1999 жылдан бастап ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі жұмысын бастады. Индикаторлық түрлер бойынша мониторинг Тентек өзенінің атырауы бойында жүргізілді (2-ші кесте).


Тентек өзені атырауындағы индикаторлық түрлердің 1999 – 2011 ж.ж сандық көрсеткіші

2-ші кесте.


№	Инди- катор- лық түр	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
1	Қабан	95	35	33	24	44	46	42	44	48	36	38	40	65
2	Сібір елігі	13	5	5	5	5	18	20	25	26	25	27	25	19
3	Түлкі	*	9	24	31	27	38	42	48	40	41	46	45	51
4	Құм қояны	*	*	4	13	32	45	37	36	40	40	50	37	41
5	Ондатр	4120	5800	5800	6288	4872	6428	5270	4950	4315	4096	1920	2700	3650

*Ескерту 1999-2000 ж.ж есептің толық болмауына байланысты сандық көрсеткіші анықталмаған (Түлкі, Құм қояны).

Құрлық экожүйесіндегі индикаторлық түрлердің көп жылдық диаграммасы



Су экожүйесіндегі индикаторлық түрдің көп жылдық диаграммасы



Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің қызметкерлері және инспекторлардың көп жылдық зерттеу, бақылау жұмыстарының нәтижесінде Тентек өзенінің атырауындағы құрлық экожүйесіндегі индикаторлық түрлердің сандық көрсеткіші бірқалыпты. Ал су экожүйесіндегі индикаторлық түрдің сандық көрсеткіші 2004-2009 ж.ж төмендеді. Себебі 2004-2009 жылдар аралығында қорық аумағындағы ондатрлар мекендейтін суайдындарындағы су деңгейінің төмен болуына байланысты. Ондатрларға мониторинг жүргізетін суайдындардағы су деңгейінің көтерілуіне байланысты 2010 жылдан бастап өсу көрсеткіші байқалуда.

Болашақта Алакөл мемлекеттік табиғат қорығының аумағындағы жоғарыда айтылған жануарлардың индикаторлық көрсеткіштері бұданда жоғары болады деген сенім мол.

-
1. Алакөл МТҚ Табиғат жылнамасы 1-12 томдары
 2. Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің 2011 жылғы есебі.
 3. Методы учета основных охотничье-промысловых и редких видов животных Казахстана. Алматы 2003, 19-45бет, 99-109бет.

В данной статье представлена многолетняя динамика численности индикаторных видов животных отрядов копытных, зайцеобразных, хищных Алакольского государственного природного заповедника.

This article presents the long-term dynamics of indicator species of ungulates, rabbits, predators Alakol State natural reserve.